

«Бекітемін»

Жарөткел негізгі орта білім берегін  
мектебінің директоры: Г.А.Алина № 1 «31» май 2022 жыл  
Пед. кеңесте қаралды

«Келісемін»

Аудан білім берімінің  
басшысы: Б.Д.Сейлханов «16» 99 2022 жыл

«Логикалық математика»

(Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабак)

Сыныбы: 2

Орындауды: Аяпова Г.К

(Бастауыш сынып мұғалімі)

№ 1 хаттама «27» май 2022 жыл  
Ә/Б отырысында қаралды: Алпысова Г.А

(Ә/Б жетекшісі)

Тексерілді: Жиеналы М.А  
(Оқу ісінің менгерушісі)

## Түсінік хат

2-сыныптың оқушысының абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға қажетті логикалық пайымдаулар құру, ой қорытуды жүргізе алу біліктерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан бірінші сыныпқа арналған «Қызықты математика» арнайы курс бағдарламасы осы ерекшеліктерді есепке ала отырып құрылған.

Бұғаңғи күні математиканың қолданылмайтын жері жоқ. Сондықтан әр оқушыны математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейіне жеткізу міндеті тұр. «Логикалық математика» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса математикалық, логикалық, танымдық мағлұматтарды менгереді, ақыл-ойы, ойлау қабілеті жетілдіріледі.

«Логикалық математика» бағдарламасы арқылы оқушылар қоршаған ортаны таниды, ұлттық мәдениетті, моральды, дүниетанымды сезіне бастайды, сөйлеуге дағыландыруда оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі. «Қызықты математика» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса оқып—үйрену барысында оқушылар алғашқы тілдік мағлұматтарды менгереді, ақыл-ойы, сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.

Көнілді жаттығулар, викториналар, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын үштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

«Логикалық математика» арнайы курс бағдарламасында келесі тапсырмалар түрлері енгізілген:

- геометриялық мазмұндағы және кеңістік ұғымын дамытуға арналған тапсырмалар;
- жынымен байланысты амалдарды орындауға арналған тапсырмалар;
- математикалық басқатырғыштар;
- логикалық қортындылар;
- лабиринттер;
- көнілді жаттығулар;
- сөзжұмбактар;

### Білім беру мақсаты:

Баланың тұлғалық қасиеттерін: ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға матемитакалық білім, білік, дағдыларын игерту; шығармашылық қабілеттерін арттыру; зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

### Міндеті:

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенделілігін арттыру;

- Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Математикалық тілде сөйлеу машинын қалыптастыру;
- Оқушылардың танымдық қабілеттін дамытып, қызығушылығын арттыру.

### **Пәнді менгеру деңгейіне қойылатын талаптар**

#### **Білімі мен білігі бойынша:**

10-нан 100-ге дейінгі сандарды оқып және жаза білуі керек. Көбейту кестесін білуі керек.

#### **Оқушы білуі керек:**

- көрі есептер құрастыруды;
- жүздіктерді қосу мен азайтуды;
- екі таңбалы сандарды қосу, азайтуды;
- өрнектерді пайдаланып есеп құрастыру;
- геометриялық фигуralарды ажыратуды , тік төртбұрыш, төртбұрыш, шаршы;
- шамалар мен ұзындық бірліктерін.

#### **Күтілетін нәтиже:**

- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады;
- Оку іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді;
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады;
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді;
- Есеп шығару барысында оқушылардың ойлау қабілеттері дамиды, іскерлік білімдері мен дағдылары қалыптасады;
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағыланады
- Оқушылардың еркін ойлауына жол ашады

## **Мазмұндық бөлім**

### **I бөлім "Математикалық ойындар" 9 сағат**

Оқушылармен білімдерін сарапау мақсатында деңгейлік тапсырмалар орындату. Кел, ойнайық! Құпия сандар, Салыстырудын құпиясы, Кім жүйрік? "Математикалық тізбектер", Есептер еліне саяхат, бөлімді қорытындылау ретінде оқушылардан өзіндік жұмыс алынады.

### **II бөлім "Сандар сыры" 8 сағат**

Сандар сыры, "Математикалық тізбек" ойыны, "Әріпті өрнектер" еліне саяхат, Кел, ойнайық!, "Ойлан тап", «Жас математиктер» турнирі, Ондықтар еліне саяхат, бөлімді қорытындылау ретінде өзіндік жұмыс алынады. Логикалық ойлау есептері, тестер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін және математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру.

Қызықты математикалық есептер құрастыру, шешімдерін табу, бір-бірін тексереп алуға баулу. Деңгейлік тапсырмалар орындау барысында білім деңгейлерін бақылау.

### **III бөлім "Есептер еліне саяхат" 10 сағат**

Эстафеталық ойлау есептерімен қызығушылықтарын туғызып, ойната отырып есептерді шығарту. Есептер еліне саяхат, «Болды-өзгерді-қалды» есеп шығару, Сурет бойынша есептер шығару, Математикалық диктант, Логикалық есептер, "Ойлан тап", Артық-кем, қымбат-арзан, Логикалық есептер, бөлімді қорытындылау ретінде бақылау жұмысын жаздыру.

### **IV бөлім "Сиқырлы геометрия" 9 сағат**

Геометрияның бастапқы негіздерін, геометриялық терминдерін, геометриялық фигуналардың қасиеттерін, геометриялық фигуналарды тануды, периметр, аудан, көлемді табуды, геометриялық фигуналарды құруды, геометриялық фигуналарды белгілеу және оқуды үйренеді.

## **Ақпараттық – әдістемелік бөлім**

Оқушыларға қосымша берілетін тапсырмалар  
Жеке тақырыптар бойынша берілетін тапсырмалар

- сөзжұмбак;
- ребус;
- логикалық есептер;
- логикалық ойындар
- айырмашылықты табу
- математикалық әзіл, жұмбақтарды шешу.

## **Оқушылардың білім деңгейін бақылау**

Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын күра білуге қалыптастырылады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабак қызықты есептер мен аяқталып, логикалық есептер оқушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсүі қажет.

Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

- Қызығушылығын арттыру;
- Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
- Шығармашылық ізденісін дамыту.

Осы кезеңдегі берілетін тапсырмалар түрлері:

1. Көру қабілетін дамытатын тапсырмалар (ребус, сөзжұмбак, анаграмма, сиқырлы шаршылар, геометриялық фигуралар);
2. Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар (математикалық мақал-мәтел, логикалық есептер, қалжың есептер).

**Күнтізбелік жоспар 2-сынып**  
**Аптасына 1 сағат, жылдана 36 сағат**

Такырыптың мазмұны	Максаты	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
<b>I тоқсан (9 сағат) «Математикалық ойындар»</b>				
1 Кел, ойнайық!	Математика сырын түсіндіру	1	02.09	
2 Құпия сандар	Есептеу дағдыларын жетілдіру	1	09.09	
3 «Кім жылдам?», «Тез ойла» математикалық ойындар.	Окушылардың шашшандығын арттыру	1	16.09	
4 Тендер мен тенсіздіктер	Тендер мен тенсіздіктер туралы білімін арттыру	1	23.09	
5 Уақыт өлшемдері	Уақыт өлшемдерін ажыратып білуге баулу	1	30.09	
6 Қазакы өлшемдер	Ұлттық есеп туралы ұғым калыптастыру	1	07.10	
7 Көңілді есептер	«Арифметикалық таразы» ойынын арқылы есептер шыгару	1	14.10	
8 Логикалық есептер	Логикалық есептер шыгаруға дағдыландыру	1	21.10	
9 Тест	Окушы білімін тексеру	1	28.10	
<b>II тоқсан (8 сағат) «Сандар сырьы»</b>				
1 Жасырылған сөз(кроссворд)	Қызықты тапсырмалар топтамасымен жұмыс	1	11.11	
2 Геометрия еліне саяхат	Фигуралар туралы білімдерін көздейту	1	18.11	
3 Қызықты жаттығулар	Математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру	1	25.11	
4 Сиқырлы шаршы	Шаршы туралы түсінік калыптастыру	1	02.12	
5 Халық өлшемдері	Өлшем бірліктер туралы білімдерін жетілдіру	1	09.12	
6 «Кім қырағы?» математикалық ойындар.	Окушылардың білім-білік дағдылары есепке алынады	1	16.12 (23.12)	
7 Сиқырлы ұшбұрыштар	Фигуралар туралы білімдерін калыптастыру	1	23.12	
8 Қорытынды тест		1	30.12	
<b>III тоқсан (10 сағат) «Есептер еліне саяхат»</b>				
1 Рим цифрларымен танысайық	Таңбалы сандармен таныстыру	1	13.01	
2 Шенбер мен дөнгелек.	Фигуралар туралы түсініктерін калыптастыру	1	20.01	
3 Есептеудің онай жолы	Есептеудің үлгілерін үйрету	1	27.01	
4 Геометриялық фигураларды колдану	Фигураларды пайдаланып түрлі есептер шыгарту	1	03.02	
5 Ертегілер елінде	Ертегі кейіпкерлерімен бірлескен жұмыс	1	10.02	

урут бойынша есептер құрастыру	Сурет бойынша есептеу жолдарымен таныстыру	1	17.02	
Сандар қатарын құрастыру	Сандар қатарымен таныстыру	1	24.02	
Қызықты есептер	Түрлі математикалық амалдарға есептер шығару	1	03.03	
9 Математикалық диктант	Математикалық есептер шығарту	1	10.03	
10 Корытынды тест	Оқушының білім деңгейін тексеру	1	17.03	

**IV тоқсан (9 сағат) «Сиқырлы геометрия»**

1 «Жас математиктер» турнирі	Сайыс сабак өткізу үйымдастыру, оқушылардың білімдерін тексеру	1	31.03	
2 Жұмбак есептер	Жұмбак есептер құрастырып, олардың шешу жолдарымен таныстыру	1	07.04	
3 Математикалық ребустар	Математикалық ребустар құрастырып, олардың шеш амалдарымен таныстыру	1	14.04	
4 Математикалық әзіл, жұмбак, өлең есептер	Математикалық түрлі есептер шығару	1	21.04	
5 Сиқырлы сандық	Түрлі амалдар арқылы есептер құрасыту	1	28.04	
6 Сиқырлы шаршылар	Түрлі математикалық амалдарға есептер шығару	1	05.05	
7 Кім жүйрік?	Оқушыларды шапшандыққа, іздемпаздыққа баулу	1	12.05	
8 Сызыктар сыры	Сызыктар туралы білімдерін кенейту	1	19.05	
9 Корытынды сабак	Алған білімдерін корытындылау	1	26.05	

## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

### **Окүшіларға:**

1. «Математика еліне саяхат» Б.М.Қосанов Алматы-2012ж.
2. Математика оқулығы 3-сынып, Т.К.Оспанов, Ш.Қ.Құрманалиева, Ж.Т.Қайынбаев Атамұра-2014ж
3. Ерешева Күләнда, Әденова Гүлбағда, Сәлімқанова Гүлнэр, «Логика әлемі» – 3 – сынып, Алматы « Өлке» баспасы, 2014
4. «Математикалық олимпиадаға логикалық есептер» - З.Ш.Ерназарова П.А.Құсанова, М.З.Ермғанбетова, Қызылорда – 2010ж.
5. «Дидактикалық есептер жинағы» - бастауыш сыныптарға арналған, Алматы – 2015 ж.

### **Мұғалімге:**

1. Баймұқанов Б., Мубараков А. «Математиканы оқытудағы сабактастық». Бастауыш мектеп, 2015ж.
2. Б.Баймұханов. «Математика есептерін шыгаруға үйрету», 2013 ж.
3. Әбілқасымова А.Е., Қобесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі». 2016 ж.
4. А.Б.Жанәділ. «Математика сабактарын түрлендіріп өткізу»
5. Ж.Қайынбаев. «Математиканы оқыту ерекшеліктері». Бастауыш мектеп 2012 ж.